

**"2009 жылы халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 24 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 119 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 6 мамырда № 9-18-88 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-02/1717 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011.12.08 № 11-02/1717 хатымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға қолдау көрсету мақсатында Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылы халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы" 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 24 Таран ауданы әкімдігінің қаулысына келесі қосымшалар енгізілсін: (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестріндегі тіркеу нөмірі 9-18-78, 2009 жылғы 19 ақпандағы "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған).

1 тармағы келесі мазмұндағы 16), 17), 18) тармақшаларымен толықтырылсын:

"16) жұмыс берушінің таралуына, жұмысшылар штаты немесе сан мөлшерінің қысқартуына байланысты босатылған тұлғалар;  
17) толық емес жұмыс уақыты тәртібімен жұмыс істейтін тұлғалар;  
18) оқу орындарының түлектері".

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. М. Бермағамбетовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Ахметжанов*

